

Ұлытау-ақпарат

Ұлытау ауданында әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Соның айғағы ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы және Қоскөл ауылының 50 жылдық мерейтойы аясында жаңа жабық спорт алаңы халық игілігіне берілді.

Салтанатты шараға аудан әкімі Аманжол Мырзабеков арнайы қатысып, ауыл тұрғындарын қуанышты сәтпен құттықтады. Ауыл ақсақалдары мен тұрғындары көрсетілген қолдау үшін ризашылықтарын білдіріп, жаңа нысанның лентасы қиылып, дәстүр бойынша шашу шашылды.

Құрылысы аяқталған спорт алаңы жыл бойы пайдалануға ыңғайлы етіп жабдықталған. Жасанды жасыл көгал төселіп, жылыту жүйесі орнатылған. Жалпы аумағы 800 шаршы метрді құрайтын нысан ауыл жастарының спортпен тұрақты айналысуына зор мүмкіндік туғызбақ. Алдағы уақытта алаң маңын абаттандыру да жоспарланған.

Қоскөлдің 50 жылдық мерекесіне орай

Жаңа спорт алаңы – жаңа мүмкіндіктер



аудан бюджеті есебінен ауылға тағы бір спорттық нысан – стрит-воркаут алаңы салынбақ. Қазіргі уақытта оның жобалық сызбасы дайындалып, бекітуге ұсынылған. Бұл ауыл тұрғындарының, әсіресе жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне және салауатты өмір салтын ұстануына жол ашады.

Сапар барысында аудан әкімі ауыл тұрғындарын жеке қабылдап, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Ауыл тұрғыны Жұмағали Кенжалин электр энергиясына қатысты мәселесін көтерді. Бұл бағытта жоспарлы жұмыстар атқарылып жатқанын айтқан аудан басшысы тиісті қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Жаңа спорт нысандары мен қолға алынған жобалар Қоскөлдің даму қарқынын арттырып қана қоймай, ауыл жастарының спортқа бейімділігін күшейтіп, салауатты өмір салтын қалыптастыруға үлес қосатыны анық.

Аманкелді АҚШАЛ.

Білім-өмір шырағы

Алғашқы қоңырау сыңғыры

Қайрат ЖҰМАБАЙ

Ұлытау ауданының барлық мектептерінде алғашқы қоңырау соғылды. Биыл, аудан бойынша 175 бала 1-сыныпқа барды. Оның 47-сі № 1Ұлытау тірек мектебіне қабылданды.



→ 8-бет



Малшы мерейі – ел мерейі



Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Тамыз айының соңғы күндерінде Ұлытау ауданының шалғайындағы Мибұлақ ауылдық округінде дәстүрге айналған шопандар тойы төртінші мәрте ұйымдастырылды. Жетіқоңыр құмын дүбірге бөлеген той елдің еңсесін тіктеп, еңбек қадірін дәріптеген мерекеге айналды.

↑ 2-бет

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мерекенің шымылдығын ауыл әкімі Тұрсынбай Ернияз ашты.

– Малшы – біздің тірегіміз, ауылдың ырысы мен берекесі. Бүгінгі той – елдің ынтымағын бекемдейтін, еңбек адамының мәртебесін көтеретін мереке. Бұл дәстүр сабақтастығы үзілмей, келер ұрпаққа аманат болып қалсын, – деген ол ауыл тұрғындарына өзінің ізгі тілегін арнады.

Ал аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Сағади Обайдуллин тойға арнайы келіп, аудан әкімі мен аудандық мәслихат төрағасының ыстық сәлемін жеткізді.

– Мибұлақ – малға бай, еңбегімен елге үлгі ауыл. Бүгінгі дәстүрлі той – бірліктің айғағы. Еңбегімен елді алға сүйреп жүрген барша малшыларға алғысымыз шексіз, – деді ол.

Жетіқоңырдың төсінде ақ шаңқан киіз үйлер тігіліп, ас берілді. Ұлттық ойындардан арқан тарту, қол күрес, қазақша күрес ұйымдастырылды. Боз кілемде балуандар белдессе, аламан бәйге мен құнан жарыста жүйріктердің шабысы сынға түсті. Өн мен күй шалқып, мың бұрала би көрерменді сүйсіндірді.

Аламан бәйгеде Ислам Байсаметұлы (1-ферма) бірінші болып келсе,

Құнан бәйгеде Мәди Қабдешұлы (3-ферма) топ жарды.



Тай жарыста Шерхан Жетпісбай (1-ферма) озық шықса, қазақша күресте Айзат Дәулетұлы (1-ферма) қарсыластарын қапы қалдырды.

Мереке барысында озат еңбеккерлер марапатталды. Олардың бірқатары Ұлытау облысы әкімінің Құрмет грамотасын иеленсе, енді бір тобы ҚР Ауыл шаруашылығы кәсіподағының «Еңбек даңқы» төсбелгісімен,



тағы бір тобы ҚР Фермерлер қауымдастығының төсбелгісімен марапатталды.

Төсбелгілерді тапсырған Қанат Сатыбалдин де еңбек адамының қадірі жайлы жүрекжарды лебізін білдірді.

Орайы келгенде айта кетейік, 1982 жылы құрылған Мибұлақ ауылдық округі – Ұлытау ауданындағы шалғай елді мекендердің бірі. Халқының саны бүгінде 583 адамды құрайды. Негізгі кәсібі – мал шаруашылығы. Округ бойынша 13 363 бас ірі қара, оның ішінде 7 281 аналық сиыр, 11 330 жылқы, 18 944 қой-ешкі, 70 түйе бар. 139 шаруа қожалығы еңбек етіп, ауыл ырысын еселеп келеді.

Мибұлақтағы шопандар тойы алғаш рет 2022 жылы өткен. Содан бері дәстүр үзілмей, әр ферма кезектесіп ұйымдастырып келеді. Биыл тойды 2 және 3-фермалар бірлесе өткізді. Келер жылы думан тізгіні 4-фермаға беріледі.

Жылқы сойып, ас берген фермалардың ұйымшылдығы елге үлгі болды. Дәстүрге айналған бұл мереке – малшы еңбегін ұлықтаған, ауыл абыройын асқақтатқан, елді берекеге бөлеген думан болып есте қалды.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

Ауыл – ел бесігі

Шеңберде футбол алаңы салынуда

Ұлытау ауданында бұқаралық спортты дамытуға айрықша көңіл бөлінуде. Ауылдық елді мекендерді спорт нысандарымен қамту – жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне және салауатты өмір салтын қалыптастыруға жасалып жатқан нақты қадамдардың бірі.



Осы бағытта Шеңбер ауылдық округінде жаңа футбол алаңының құрылысы басталды. Жобаны жүзеге асыруға демеушілік көрсетіп отырған мердігер мекеме – “Омар-Транс” ЖШС.

Жаңа спорт нысаны ауыл жастары үшін үлкен серпіліс болмақ. Алаңда жасанды төсеніш төселіп, қажетті спорттық жабдықтар орнатылады. Сондай-ақ, алаң маңын абаттандыру жұмыстары да қарастырылған.

Футбол алаңының құрылысы белгіленген мерзімде аяқталып, ауыл тұрғындарының игілігіне берілмек. Бұл бастама ауылдағы спорт инфрақұрылымын дамытып қана қоймай, жасөспірімдер мен жастардың спортқа деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізетіні сөзсіз.

Ізбасар ОЙБАС.

Аудан тынысы

Ұлытау ауданында халықты баспанамен қамту, тұрғын үй сатып алу бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Бұл әлеуметтік маңызы зор мәселе аудан әкімі Аманжол Мырзабековтың ұдайы бақылауында.

Жездіде жаңа үйлер бой көтеруде

Қазіргі таңда Жезді кентінде жеке инвестор қаржысына 2 пәтерлі 2 тұрғын үйдің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Маусым айында басталған құрылыс нысандарының бүгінгі күні қабырғалары қаланып, шатыры жабылып, ішкі жылыту жүйелерінің монтаж жұмыстары атқарылуда. Жоспар бойынша аталған тұрғын үйлер қазан айына дейін толықтай аяқталып, пайдалануға берілмек.

Айта кету керек, аудандағы тұрғын үй құрылысы тек Жезді кентімен шектелмейді. Ұлытау ауылында 2 пәтерлі 6 үй, Қарсақбай кентінде 2 пәтерлі 1 үй бой көтеруде. Барлық нысандар белгіленген кестеге сай салынып жатыр.

Жалпы әр пәтердің ауданы

ны 88,6 шаршы метрді құрайды. Сонымен қатар, әрбір үйдің қоршауы, шаруашылық жүргізуге арналған қосымша сарайы қарастырылған. Бұл болашақ тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Салынған үйлер бірінші кезекте тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға үлестірілмек. Бұл өз кезегінде аудан халқына жасалып отырған әлеуметтік қолдаудың нақты нәтижесі болып табылады.

Аудан көлемінде қолға алынған мұндай игі істер алдағы уақытта да жалғасын тауып, тұрғындарды баспанамен қамту көрсеткішін арттыруға елеулі үлес қосатыны сөзсіз.

Досан ДУЛЫҒАЛЫ.

Аймағымыздың ардақтылары



Ұлытаудың ақиығы ақын Тайжан

Өуелден менің ойым журналистика бөліміне оқуға түсу болатын. Бірақ, қабылдау комиссиясы газет-журналдарға шыққан материалдар керек-деп, алғашқы сәттен бетімді қайтарып тастады және филология факультетіне түсуге кеңес берді. Олардың кеңесімен құжаттарымды тіл маманын даярлайтын факультетке тапсырдым. Сәтін салып сол жылы емтиханнан сүрінбей өтіп, қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің филология факультетінің студенті болып қабылдандым. Еңбек пен оқуды қатар алып жүру қанша қиын болса да өзімнің білімге құштарлығымның, еңбекқорлығымның арқасында жазғы, қысқы сессиялардан сүрінбей өтіп жүрдім. Бізге әдебиетшілер Бейсенбай Кенжебаев, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев сынды білімді ұстаздар дәріс оқыды. Олар лекцияларында қазақ ауыз әдебиетінің дамуы, оның орыс әдебиетімен байланысы туралы айта келіп, қазақ әдебиеті өзіне дейін ғасырлар бойы жасалған мол мұрадан нәр алды, ежелгі дәстүрлерді дамыта отырып, тың тақырыптар игеру, соны соқпақ-сораптар қалыптастыру нәтижесінде кемелденді дей келе, қазақ поэзиясының дамуына Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Төле би, Қожаберген Толыбай, Бұқар, Дулат, Шортанбай шығармалары жыраулық поэзияның дамып, өркендеуіне айрықша әсер етті дейтін. Олар кешегі Алаштың асыл азаматтары Илияс Жансүгіров, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Әлихан Бөкейханов, Әлихан Ермеков, Сәкен Сейфуллин, Міржақып Дулатов және тағы басқалардың творчествосына қорқақтай, атүсті, жеңіл-желпі ғана тоқталып өтетін. Сүйіншәлиев Кенен Әзірбаевтың, Сүйінбай Аронұлының, Жамбыл Жабаевтың шығармаларына айрықша тоқталатын.

Сөйтіп жүргенде, алақанға салған құмдай сусыл, бес жыл бір күндей болмай өте шықты. Алдағы жазда мемлекеттік емтихан болады. Курстастарым өздері білетін, көңіліне жақындау, бұрын олардан диплом жұмыстары қорғалмаған білікті ақын-жазушылардың творчествосынан диплом жұмысын қорғауға тапсырма алып, оны кеңесте бекіттіріп алып жатты. Міне, осы сәтте мен де көп іздендім, толғандым. Филология ғылымының докторы Мырзабек Дүйсеновке жолығып, Ұлытау өңірінің тумасы, Қазақстанның 1936 жылы Мәскеуде өткен әдебиет пен мәдениетінің онкүндігіне қатысып, өнерімен танылған Тайжан Қалмағанбетовтың шығармашылығын диплом жұмысымның тақырыбы етіп алуға кеңестім, дұрыс ұсыныс екен дегесін оны университеттің оқу бөліміне барып «Тайжан Қалмағанбетовтың өмірі мен творчествосы»-деген айдармен бекіттіріп алдым. Содан күндіз-түні іздену, жазу басталып кетті. Алматыдағы Ұлттық кітапханаға барып, Мәскеуде өткен онкүндік жайлы толық мағлұмат және

фотосуреттер алдым. Қарсақбайға барып, Тайжекеңмен айтысқан Болман ақын Қожабаевпен сөйлесіп, келген шаруаны айтып, әңгімеге тарттым, бірақ біраз жасқа келіп қалған ақсақал милицияда істейтін баласы үшін қорыққан болуы керек шешіліп ештеңе айта қоймады. Бұл тақырып маған өте ауыр тиді. Сөйтсем, Тайжекең Мәскеуден оралғаннан кейін Қарсақбай, Ұлытау өңірін аралап, халықтың алдында өнер көрсетеді. Ол осы сапарында Қызылордаға дейін барып қайтады. Ақынның халықпен кездесуі табысты өтеді. Өкінішке орай, жезтаңдай әнші, суырып салма ақын 1937 жылы жазда біреулердің өтірік жала жабуының салдарынан «халық жауы» атанып ұсталып кетеді. Ол заманда «Сталиндік» террордың қармағына мұндай жаламен іліккен жанның сол тұста елге аман-есен оралғаны болмаған. Қайран Тайжекең де «үштіктің» үкімімен атылып, мүлдем хабарсыз кеткен. Ол кеткеннен кейін оның туыстары бір-бірінің амандығын сұрауға да жасқанған. Ақынның балалары қуғынға ұшырайды. Олар әкесінің атын атауға да қорыққан. Мен бұл жағдайдан тіптен хабарсыз едім. Жезқазған кен-металлургия комбинатының партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқаратын ақынның ағасының баласы Жәлел Шубаевич Қалмағанбетов бұл тақырыпта менімен сөйлесуден қашқақтады, онысын мен түсінбей қайран қалдым.

1971 жылы Жезқазғанға әйгілі ақын Жүрсін Ерман отбасымен Алматыдан көшіп келді. Ол қалалық телестудияның әдеби хабарлар редакциясына аға редактор, Бақытжамал диктор болып орналасты. Жүрсін осыған дейін оңтүстік астанада тұрып тұрмысымызға енді-енді ене бастаған хабар таратудың жаңа саласы телевизияда қызмет істемегенімен Алматыда жуырда ғана пайдалануға беріліп, халықтың сүйіктісіне айнала бастаған республикалық студияның телевизиялық хабарларын көріп, шамалы болса да тәжірибе жинақтаған, бұрнағы жылдары Жезді аудандық «Октябрь туы» газетінде тілші болып қызмет атқарған көзі ашық, көкірегі ояу журналист Жезқазған телестудиясына келген бетте «Әдебиет қазынасы», «Бізге қонақта», «Өнер шежіресі», «Сарыарқа кештері» секілді айдарлармен соны хабарлар дайындады. Студияның жұмысына жаңа леп әкелген тосыннан келген мұндай хабарларды көрермендер өте жылы қабылдады және айтқан мезгілінде эфирге шықпай қалса іздейтін болды. Жүрсіннің «Өнер шежіресі» деген айдармен берілген бір хабары Ұлытау өңірінің жезтаңдай ақындары мен айтыс, ақындары Болманның, Тайжанның, Нұрғалидің шығармашылығына арналды. Хабарда Тайжекеңнің Мәскеу онкүндігінде айтылып, орысшаға аударылып Одақтық газеттерге шыққан өлеңдері диктордың орындауында оқылып, Тайжанның Бол-

манмен, Бекежанмен, Нұрғалимен айтысқан айтыстарынан үзінділер берілді. фотосуреттері телекөрермендерге көрсетілді. Сол уақыттарда «үндеместердің» бақылауында тұрған адам туралы айту да екінші бірінің қолынан келе бермейтін өте қауіпті шаруа екен. Тайжекең туралы біздің өңірде бірінші болып жария еткен Жүрсін болды. Бұл да ерлікке бергісіз, күрмеуі шешуге қиын шаруа еді. Осыдан кейін-ақ Тайжекең туралы басқада газет-журналдар айта бастады. Сөйтсек, кешегі Н.Хрущевтің елдегі жылымығы кезінде Т.Қалмағанбетовтың ақталғаны туралы еліміздің Бас прокурорының арнайы қабылдаған үкімі бар екен. Ол туралы оның туысқандары, не балалары білмей, жылдар бойы хабарсыз күй көшкен. Егер осыған қозғау салған Жүрсіннің хабары болмағанда дарынды ақын, қазақ өнерінің майталманы, халқының күйзелген хал-жайын өзінің жырларымен шынайы көрсете білген Тайжекең есімі уақыт өте келе халық жадынан мүлде жоғалар еді. Мен диплом жұмысымда Тайжекеңнің қазір есімде жоқ көптеген белгісіз туындыларын жарыққа шығардым. Диплом жұмысын бастырып, жетекшім Мырзабек Дүйсеновке бір данасын бердім. Ертеңіне ол мені шақырып алып: -Сен Тайжан тақырыбын жеткілікті дәрежеде ашып көрсеткен екенсің. Бұл ақынның творчествосын одан әрі тереңдете зертте, ізден-деді. Ал, дипломды ойдағыдай қорғап, елге келген соң жұмыстан қол босамай Тайжан тақырыбы, марқұм, жетекшім Мырзабек аға тапсырған шаруа аяқсыз қалды. Соған осы күні қатты өкінемін. Шерхан ағамыз айтпақшы-«Бір кем дүние»-деген осы. Жазықсыз «халық жауы» атанып жапа шеккен, қуғын-сүргін кезде атылып кеткен Тайжекең туралы тұстасы, халық ақыны Кенен ақын: «Тайжекеңнің әні де ерекше еді, ағызып айтатын, төгіп сөйлейтін»-десе, қазақтың ғұлама ғалымы Қаныш Сәтбаев: «Тайжан халықтың таусылмайтын ән қоймасы, сарқылмайтын тау бұлағы, Тайжекеңнің өте жақсы білетіні-ән. Арқаның Біржаны, Ақан сері, Балуан Шолақ, Ғазиз, Құлтума сияқты атақты композиторларының әндерінен оның білмейтіні жоқ. Тайжанның ерекше көп білетіні-туған нағашысы Ыбырай Сандыбайұлының әндері. Өзі де тамаша әндер шығарды»-деді. Академик, жазушы, сыншы Мұхаметжан Қаратаев:

«Тайжан-жаңа заманға үн қосқан жыршы, орақ ауыз, от тілді ақын, өзінің үлкен талантының арқасында Қазақ Совет әдебиетінің шоқтығын биікке көтергендердің бірі болатын»-деп Тайжекеңнің қазақ өнері саласындағы еңбегін зор бағалады. Ендеше, артына өшпестей із қалдырған өнерлі тұлғаның қазақ елі тұрғанда есімі ешқашан өшпейді. Ұрпақтарының есімінде мәңгі сақталады.

Шамхан РАХМЕТОВ.

Бәрекелді!

Жерлесіміздің есімі «Қазақстанның Алтын кітабына» енді.

Энциклопедияның мақсаты – алтын жүректі, есімі ел есінде қалып, еңбегі кейінгі ұрпаққа үлгі болуы тиіс тұлғаларды бір жинаққа топтастыру. Былайша айтқанда, бұл кітапқа әр саладағы үздіктердің үздігі ғана енеді.

Өмір жолы – өнеге



Мұнда сондай-ақ саясат пен бизнес, қоғамдық сала мен ғылым, спорт, өнер мен ағартушылық, мәдениет салаларында жетістікке жетіп ел ішінің қошеметіне бөленген тұлғалардың өмірі жинақталған. Бір сөзбен айтқанда, энциклопедиялық кітап еліміздің дамуына үлес қосып, ел игілігіне қызмет етіп жүрген, жаны нұрға тұнған жақсы адамдар туралы сыр шертеді. Сондай жанның бірі Ұлытау ауданы, Байқоңыр ауылының тумасы- Бақыткүл Жаке-таева. Бала кезден алғырлығымен көзге түсе білген Бақыткүл анамыз мектеп қабырғасын аяқтап, 1975 жылы Жезқазған қаласы, Талап елді мекеніндегі Бухгалтерлік ауыл шаруашылығы техникумына түсіп «Бухгалтерлік статистика» мамандығын игереді. Еңбек жолын ауылдағы азық-түлік сатушысы болып бастаған ол, Байқоңыр ауылында отбасымен жеке кәсібін ашып сауда саласын айналдырып отыр. Әлімжан Өтегенұлымен отбасын құрған анамыз 3 ұл, 7 қызды дүниеге әкелген ардақты әке мен алтын құрсақты анамыз үлгілі отбасына айналған. «Отбасының қамы үшін бастаған кәсібіміз берекесін беріп, елге пайдамыз тиіп отырғанына қуанамыз. Осы кәсібіміздің арқасында балаларымызды құтты орындарына қондырып, немере қызығын қызықтап отырмыз» дейді кейіпкеріміз. Бізде өлкемізде осындай еңбекқор, жастарға үлгі бола алатын тұлғаларымыздың барына қуанамыз.

Ақтоты ТОҚМЕТОВА.

Ғылым мен ерлікті тоғыстырған тұлға

Ұлытау – қазақ халқының тарихи жады мен рухани тамырын тереңге тартқан қасиетті өлке. Осы киелі топырақтан шыққан талай дара тұлғалар елге еңбек етті, ғылымға жаңалық қосты, ұлт руханиятына үлкен үлес қосты. Солардың бірі – тағдырдың талай ауыр сынынан өтіп, өмірін ғылым мен ел игілігіне арнаған көрнекті геолог-ғалым, ұстаз әрі Ұлы Отан соғысының ардагері Айтжан Абдоллаұлы Абдуллин.



Биыл барша ел-жұртымыз Ұлы Жеңістің 80 жылдығын айрықша атап өткені мәлім. Бұл тарихи белес – батыр бабалардың ерлігін дәріптеп, кейінгі ұрпаққа өнеге етіп жеткізудің маңызды кезеңі. Осы орайда Ұлытаудың біртуар перзенті, майдангер-ғалым Айтжан Абдуллиннің өмір жолына тоқталу – парыз әрі құрмет.

Айтжан Абдоллаұлы 1924 жылы Ұлытау өңірінде, нақты айтқанда, беделді Жырық руының ұрпағы болып дүниеге келеді. Арғы аталары – Сандыбай, Төлеп, Өтеп, Сарыбай, Жырық батыр – аты аталған елге ұйытқы болған ірі тұлғалар қатарынан. Алайда өмірдің алғашқы кезеңінен бастап, тағдыр тауқыметі алдынан кесе-көлденең шығады.

Нәресте кезінде ата-анасынан айырылып, балалар үйінде тәрбиеленеді. Жетімдіктің ащы дәмін татып өскен бұл бала болашақта қиындыққа мойымайтын қайсар мінездің иесі болатынын ерте көрсетті.

1941 жылы небәрі 16 жасында майданға сұранып, Ұлы Отан соғысына аттанады. Айтжан атамыздың Ұлы Отан соғысына қайсар мінезімен белсенді түрде ат салысып, неміс басқыншыларын жеңіп, одан Жапон соғысынан абыроймен оралғаны бір азаматтың басына жетерлік ерлік пен еңбек, ұлтжандылық пен отансүйгіштік тұрғыдағы жетістік. Айтжан атаның соғыс жылдарындағы дивизия командирі болған генерал-лейтенант С.Е. Поповтың «Отты шептер» атты кітабынан (Москва. Воениздат, 1989) үзінді келтірейін: «Алматыда бұрынғы

ержүрек барлаушы болған майдангер Айтжан Абдоллаұлы Абдуллин тұрады. Ол бүкіл соғыс жылдарында қан майданның алғы шебінде болды, бірнеше рет жарақаттанды, емделгеннен кейін өзінің гвардиясына, туған полкіне оралып отырды. Әжет офицер барлаушының төсін көркейткен «Қызыл жұлдыз» екі ордені, «Сталинградты қорғағаны үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін», «1941-1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медальдары жарқырап тұр», — дейді. Генерал үшін әрі мадақ, әрі алғыс, әрі досқа деген құрмет қой. Ал, біздің жас ұрпақ үшін бұл нағыз үлгі, өнеге аларлық батырлық қасиетті көрініс емес пе?!

Өз естеліктерінде Айтжан Абдуллин: «Мен Кеңестер Одағы

деп аталатын алып Отанымды жаудан аластау арқылы өз елім – Қазақстанды, туған топырағым Ұлытауды да сол жаудан қорғадым деп есептеймін», — деп жазады. Бұл сөздер оның еліне деген адалдығы мен жүрек түбіндегі перзенттік сүйіспеншілігін айғақтайды.

Соғыстан кейін қоғамдық өмірге белсене араласып, кейіннен ғылым жолына түсті. 1948 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің геология факультетіне оқуға түсіп, студент кезінен-ақ ерекше қабілетімен көзге түсті. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың тікелей қолдауына ие болып, аспирантурада минералогия саласы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді.

1958 жылы Орталық Қазақстанның алтын-мысты-турмалинді формациялары жайлы диссертациясын қорғап, ғылымға іргелі үлес қосты. Кейіннен Геология институтын ұзақ жылдар басқарды, Қазақстан Ғылым академиясының вице-президенті болды. Оның еңбектері тек теорияда ғана емес, өндірістік қолданыста да үлкен мәнге ие болды.

Айтжан Абдуллин тек ғалым ғана емес, ұрпақ тәрбиесіне зор еңбек сіңірген ұстаз болды. ҚазҰТУ-да дәріс оқып, бірнеше буын жас геологтарды тәрбиеледі. Ол үшін ұстаздық – тек білім беру емес, өмірлік өнеге көрсету еді.

2004 жылы жарық көрген «Тағдыр толқынында» атты мемуарлық еңбегінде ол өзінің



өмірлік тәжірибесін, соғыстағы естеліктерін, ғылымдағы ізденістерін жинақтап, келер ұрпаққа қалдырды. Бұл кітап – бір адамның ғана емес, тұтас дәуірдің айнасы.

Жетімдіктен басталған балалық, майдандағы ерлік, ғылымдағы табандылық – бәрі де Айтжан Абдуллиннің тұлғалық болмысын қалыптастырды. Ол – ар-ождан мен ғылымды қатар алып жүрген, халқына адал қызмет еткен шынайы азаматтың бейнесі.

Айтжан атамыз 2010 жылдың 13-ші маусымда 86 жасында қайтыс болған және Алматы қаласы Кеңсай зиратында жерленген.

2025 жылы 18 тамыз күні ғалымның қызы, Қазақстан ғылымының жанашыры Сәуле Айтжанқызы Абдуллина Ұлытау аудандық тарихи-өлкетану музейіне арнайы келіп, әкесінің кітабын музей қорына табыстады. Бұл – Айтжан Абдоллаұлының өмірі мен еңбегін насихаттауда, кейінгі ұрпаққа өнеге етуде зор маңызға ие құнды жәдігер.

Ұлытаудың біртуар перзенті ретінде Айтжан Абдоллаұлы Абдуллиннің есімі мен еңбегі ел жадында мәңгі сақталмақ.

Светлана ОМАРОВА,
Ұлытау аудандық тарихи-өлкетану музейінің кіші ғылыми қызметкері.

Отанды қорғау – парыз

Отанға қызмет – абыройлы міндет

ҚР Президентінің 2025 жылғы 13 ақпандағы Жарлығына сәйкес күзгі шақыру қыркүйекте басталып, желтоқсан айының соңына дейін жалғасады.

Мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға негіздері жоқ. 18 жастан 27 жасқа дейінгі азаматтар шақырылады.

Күзгі шақыру барысында Қарулы күштердің, Ұлттық ұланның, ҰҚК Шекара қызметінің, ТЖМ және Мемлекеттік күзет қызметінің бөлімшелері жасақталатын болады.

Қорғаныс министрлігі әскерге шақыруды есепке алу жұмысын цифрландыру жұмыстарын дәйекті түрде жүргізіп келеді. Әскерге борышын өтеуге шақырылған әскери қызметшілер туралы мәлімет алмасу, сондай-ақ, оларды запасқа шығару автоматтандырылған.

Биылғы жылы сарбаздарға арналған артықшылықтар заң жүзінде бекітілді. Оларға қызмет ету кезінде және әскерден босатылғаннан кейін екі ай уақытқа несиелік демалыс беріледі.

Биыл әскерге шақыру рәсімі халық үшін барынша ашық әрі ыңғайлы формата ұйымдастырылған. Әскерге шақырылушыларды хабардар ету үдерісі біртіндеп цифрлық форматқа көшіріліп жатыр. Шақыру пунктеріне келу туралы



жеке шақырулар және 1414 бірыңғай байланыс орталығы арқылы SMS-хабарламалар арқылы және eGov порталының жеке кабинеті арқылы жіберіледі. Медициналық комиссиядан әдейі жалтарған немесе келмеген азаматтарға әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған айыппұлдан бастап бір жылға дейін бас

бостандығынан айыруға дейін көзделген.

Әскерге шақырылушыларға қызмет уақытына «несие демалысы» беріледі, сондай-ақ «Сарбаз 2.0» жобасына қатысуға мүмкіндік бар. Елдің 80-нен астам жоғары оқу орнымен жасалған келісімдерге сәйкес, мерзімді әскери қызметін абыроймен өтеп, жақсы нәтиже көрсеткен

жастарды университеттер қосымша емтихансыз тегін қабылдайды.

Сонымен қатар, Қорғаныс істері бөлімдерінің электронды поштасы мен әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы азаматтар қажетті ақпаратты жылдам әрі ашық ала алады. Мұндай шаралар халықпен тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Мерзімді әскери қызметтің артықшылықтары мен соңғы жылдары енгізілген жаңашылдықтарға негізгі шаралар қатарында:

- Несие каникулы: 17 мыңнан астам мерзімді әскери қызметшілер жалпы сомасы 6,6 млрд теңгені құрайтын қарыздарын өтеуді кейінге шегеру мүмкіндігін алды. Бұл әскерде жүрген жастарға әлеуметтік және қаржылық тұрғыдан жеңілдік жасайды.

- Жоғары білім алу: Қорғаныс министрлігі елдің 80-ге жуық жоғары оқу орнымен келісім жасап, адал қызметін атқарған мерзімді сарбаздарға 3 мың тегін білім грантын бөлді. Үздік әскери қызметшілер оқу ақысын төлемей-ақ, университетке түсе алады.

- Цифрландыру: Әскери есепке алу толықтай электронды форматқа көшірілді. Азаматтар енді egov.kz порталы арқылы әскерге шақырудан босату немесе кейінге қалдыру қызметтерін қағаз құжатсыз рәсімдей алады.

Ұлытау ауданының Қорғаныс істері бөлімі.

Тарих толқынында

Қазақстан мен Мажарстан достығы

Жақында Қоскөл (Қарақұм) ауылының 80 жылдық тойы аясында арнайы жасақталған киіз үйде «Отырар – Ұлытау» және «Алтай-Дунай» фотокөрмесі өткізілді. Ол көрмені ұйымдастырушылар, кезінде осы экспедициялардың мүшесі болған ауыл кәсіпкерлері Құлжанбай Қожахметов пен Серік Бірімбетов. Бұл көрмеге «Ұлы тағзым» қоғамдық қоры да өз үлесін қосты. Жалпы бұл әлем бойынша ерекше экспедициялардың сәтті аяқталуы осы Қоскөл ауылының сол кездегі басшысы Аманкелді Ілиясов және экспедицияда түйекеш қызметін атқарып, түйелерді және экспедиция мүшелерін Еуропаға аман-есен жеткізген Құлжанбай, Ғалымжан, Серік сияқты жерлестеріміздің арқасы десек артық айтқандық емес. Бұл екі экспедицияның (12 түйемен) мақсаттары екі бөлек еді. Біріншісі – 1991 жылы Отырардан шығып 1300 шақырым түйемен жүріп, 40 күнде Ұлытауға келсе, екіншісі 1999-2003 жылдары Ресейдің Алтай өлкесінен шығып Еуропадағы мажар бауырларымызға жеткен еді. Бүгінгі әңгімеміз осы «Алтай -Дунай» экспедицияның мақсаты жөнінде болмақ.



Орталық Азиядан Орталық Европаның оңтүстігіне дейін созылып жатқан далалық белдеу бейне бір алып дәліз секілді. Біздің заманымызға дейінгі алғашқы мыңжылдықта көшпенділердің иелігінде болған дала XX ғасырдың ортасына дейін ірі тарихи оқиғалардың арена болып қана қойған жоқ, көршілес Европа және Азия елдерінің де тағдырларына ықпалын тигізді. Уақыт өте келе, көбею және азаю заңымен өмір сүрген далалық ұлыстар мен мемлекеттердің аттары бірнеше рет өзгерді. Бұл – өзіндік мәдениеті, өмір сүру салты және шаруашылық формасы бар тұтастай бір әлем еді.

Ерте дәуірдегі атақты сақтар, ұлы ғұндар, ежелгі түріктер мен жауынгер мажарлар, ер қыпшақтар туралы айта келіп, бүгінгі қазақтармен генетикалық байланысы жайында сөз қозғасақ деген ойдамыз. Сіз бұл сұраққа тарих, әдебиеттер мен оқулықтардан нақты жауап ала алмайсыз. Өйткені оқулықтарда бұл туралы тым сараң, әрі үзік-үзік жазылған. Бүгінгі күні көне грек, парсы, қытай жылнамалары қазіргі қазақстандық тарихшылар тарапынан зерттелу үстінде. Ал Европа мен Ресей далалықтардың өзара тарихи және тектік байланысы барлығын мойындауға өзіндік емес.

Венгрлер (мажарлар) шығыспен туыстығын бірнеше ғасыр өтсе де ұмытқан жоқ. Көптеген мажарлар өздерінің тамырын шығыстан іздейді. XVШ-XX ғасырлардағы венгер саяхатшылары мен зерттеушілері көптеген шығыс елдерінің ішінде осы күнгі Қазақстан аумағынан жеткен жеткен. Қазақтардың мәдениеті мен қауымдастығы венгер ғалымдарын мына екі мәселе бойынша қызықтыруда. Біріншіден, өз тарихтарының хронологиялық тәртібін анықтау үшін жаңа деректер табу, өйткені олар алғашқы бетте

Солтүстік Қазақстан аймағында, Ұлытау және Арал өңірінде өмір сүрген. Екіншіден, түп атасы қазақ болып табылатын қыпшақтар тарихын зерттеу. Осыдан 800 жыл бұрын венгерлермен араласып кеткен қыпшақтар бүгінде Венгрияның он миллион халқының 300 мыңын құрап отыр деп айтып еді этнограф Перт Кун. Ал бүгінгі Мажарстан президенті – Виктор Орбан қыпшақ екенін, мажарлардың Отаны Қазақстан екенін ашық айтып отыр. Мен өз басым Мажарстанда алты рет болып мажар қыпшақтары туралы кітапша шығару барысында бізге туысқан халық екенін сезінгенмін.

Венгрия өз тарихы, мәдениеті, тілі, әдемі, әлбетте менталитеті жөнінен еуропалық басқа елдерден ерекше. Бұл ел маған бірден ұнады. Шығыста оны Мажарстан, яғни мадиярлар елі деп атайды. Орыстар Венгрия, украиндар Угорщина, еуропа-

лықтар Хунгария дейді. Мен оны Қазақстаннан қашықта, Европа жерінде халқымызбен ұқсастығы басымдылығынан, тамыры бірлігінен ұнаттым. Мұнда мен өзіме туыстық сезіммен қараған қаншама жақсы адамдарды жолықтырдым.

Көптеген ғалымдар біздің дәуірімізге дейінгі Ш мыңжылдықта Батыс Сібірде және Солтүстік Қазақстан аймағында өмір сүрген фин-угор халықтарының арғы ата-бабаларына мадиярларды да жатқызып жүр. Міне, солар шамамен б.д.д. екінші мыңжылдықтың соңында балық аулау және аңшылықпен айналысып, оңтүстікке қарай біртін-біртін жылжи бастайды. Дала шегіне жеткен соң, олар көшпелі өмір салтын ұстанады. Кейінірек олардың біразы Арал өңіріне дейін жетіп, сосын Жайық пен Еділ бойына, қазіргі Башқұртстан аумағына қоныстанып, Ұлы Венгрия мемлекетін құрайды.

IX ғасырда Карпат аңғарында қоныстанған венгер тайпалары өздеріне үйреншікті болған тірлікпен айналыса берді. Мал бақты, егін салды. Ара-тұра аймақтарда болып тұратын ұрыстарға қатысты. Патшасы Арпат ұрпақтарына Европаны түпкілікті мекен етіп қалуы үшін еуропалық өмір салтын қабылдап, христиан дініне еніп, және отырықшы мемлекет құруы қажет болды.

Венгрия христиан мемлекеті болып танылды. Венгрия батыстық христиандықтың шығыстық қамалына айналды. Шындығына келсек, венгр корольдері ұзақ уақыт бойы халықты Тәңірге табыну мен оның дәстүрлерінен ажырата алмады. Тәңірі - ғұндар мен мадиярлар, қыпшақтар үшін жалғыз Өлем, аспан қожасы еді. Бұл олардың бірден-бір Құдайы, көне діні болатын. Бүгінгі күні көптеген қазақтар жаратқанды есіне

алғанда «Алладан» гөрі «Тәңірі» дегенді жиі айтады.

Скифтер, ғұндар, түркілер, мадиярлар, қыпшақтар Батыс пен Шығыстың мәдениетінің өзара ықпалдасуы мен әрекеттесуі жолындағы өзінше энергия көзі болып, сауда айырбасы және тығыз экономикалық байланыстарды дамытуда орасан зор роль атқарды. Бұл ынтымақтастық өзінің тамаша жемісін беріп, әлемдік өркениетте қуатты серпін туғызды.


Қазақстандықтар үшін Орталық Европада дәл Венгриядай халқы, тілі жағынан соншалықты тығыз сабақтасып, байланысып жатқан басқа ел жоқ. Мажарстан біздің ел үшін - Европаға көпір.

Екі халықтың туыстығы, достығы жөнінде насихаттау жұмыстары көрме, телехабар, кездесу және дөңгелек столдар арқылы жүргізіліп жүр. Біздің фотокөрмелеріміз Алматы, Астана, Павлодар, Түркістан, Лисаковск, Қарағанды, Теміртау, Арқалық, Балхаш және Жезқазған қалаларында өтті. Мажарстанда Дебрецен және Қарсақ қалаларында көрсетілді. Екі жүзден астам мақалалар жарық көріп, сегіз телехабар дайындалды.

1998 жылы, арнайы шақырумен Ұлытауға венгр ғалымы Петр Кун келіп Әулиетау, Едіге тауларының етегінен бір уыс топырақ алып, Байқоңыр ауылының жұтшылығымен, Жезқазған университеті студенттерімен және қала мәдениет қызметкерлерімен кездесу өткізген болатын. «Ұлытау» қорық-мұражайы 2011 жылы 1 мамырда Халықтар бірлігі күні Ұлытау орталығында венгр халқының ұлттық киімдерімен, ән-билерін көрсетіп, тарихымен жұртшылықты таныстырды. Ал 2012 жылдың маусым айында Арқалық қаласының әкімдігімен бірлесіп, Мажарстаннан келген салт атты экспедиция мүшелерін қарсы алып, көрме өткізіп кездесу ұйымдастырды. Содан кейін Мажар экспедиция мүшелері атбасын Ұлытауға бұрып, Ұлытаудың тарихи ескерткіштерімен танысты. 2012 жылдың желтоқсан айының 11жұлдызында Қарағанды қаласының «Сарыжайлау» кинотеатрында, осы мекеменің ұйымдастыруымен Қазақстандағы Мажарстан елшісі Имре Ласлоцкидің қатысуымен «Ұлытау» қорық-мұражайы «Қазақстан мен Мажарстан достығы» атты көрме өткізді.

2015 жылы 2 сәуірде Астана қаласында «Алтай - Дунай» Халықаралық экспедицияның және венгр мен қазақ жігіттерінің атүстіндегі өнерлерінің көрінісі өтті. Ал, 2016 жылдың қаңтарында музей қызметкерлері Мажарстанға іс-сапармен барып, болашақта бірігіп, экспедицияларды ұйымдастыруды пысықтап келді.

Бақтияр ҚОЖАХМЕТОВ,
елкетанушы.



Қайырымдылық

Бата аласың ба, ақша аласың ба?

Асылбек қария отбасымен алғашқы немересінің үйлену тойына қалаға барған. Тойда түрлі қызыққа кенеліп, қуаныштары қойындарына сыймай, Аллаға мың шүкірлік етіп, бір-екі күн қалада болып, жас келіннің қолынан ас ішіп, рахат сезімге бөленді. Енді ауылдарына қайтатын уақыт болды. — Бәйбіше, маған осы қалаң ұнамай-ақ қойды. Ауылдың тыныс-тіршілігі, ауасы бөлек қой. Ал қалада мұның бәрі басқаша. Бір үйден шығып, бір үйге кіресің, шаруаң болмаса далаға да шықпайсың, бәрі үйдің ішінде. Далаға шықсаң шұбырып жүрген елден ешкімді танымайсың. Өңгімелесетін ешкім де жоқ. Тынысым тарылады. Мен базарға барып ауылға қайтатын көлік іздеп келейін. Баланы ауылға апарып таста деп жұмысынан қалдырмайық және біз жеті адамбыз бір көлікке сыймаймыз ғой — деп қария базарға кетті. Базардың жанында Қаракемер ауылының екі машинасы тұр екен. Қария екеуін де таниды. Екеуі қарияға келіп сәлем берді.

—Шырақтарым, мен ауылға қайтатын көлік іздеп жүр едім. Біздің ауыл Көктөбеде жолдарыңда ғой. Егер машиналарың бос болса бізді ала кетіп, жолай түсіріп кетсеңдер. Біз жеті адамбыз — деді.

—Ой, ақсақал, әңгіме жоқ, ала кетеміз — деді Сұраған деген жігіт. Менің машинама да, Абзалдың машинасы да бос — деді. Сөйтіп Асылбек қария екі «УАЗ-69» машинасымен ауылына келді. — Ал, шырағым Сұраған әкеліп салғаның үшін бата аласың ба, әлде ақша аласың ба? — деді қария. — Ой, ақсақал, сіз қызық екенсіз. Қазір нарықтың заманы, батаға ешкім ештеңе бермейді. Тіпті бір кесе су да бермейді. Әрине, ақша аламын. Адам басы мың теңгеден бес мың теңге бересіз — деді. — Шырағым-ау, біз төрт адамбыз ғой — деді қария. — Анау екі бала адам емес пе? — Ол екеуі орын алған жоқ, алдына отырып келді ғой. — Ақсақал бәрібір машинаға салмақ түсіретінін білесіз бе? Мен бала басы 500 теңгеден алып тұрмын. Сөзді көбейтпей ақсақал ақшаны беріңіз — деді Сұраған.

Асылбек қария Сұрағанға ақшасын беріп тұрып: «Балам-ай, бата алғаның дұрыс еді ғой. «Батамен ер көгереді,



жаңбырмен жер көгереді» дейді ғой дана халқымыз. Бұл ақша саған айлық азық, жылдық үнем болмайды ғой. Мұны жоғалтып алуың да мүмкін ғой. Жақсы, бара ғой — деп бұрылып кетеді. Қарияға екінші машинаның жүргізушісі: — Ой, ақсақал, қазір батамен емес, байлықпен ер көгереді. Ал ақша сол байлықтың көзі ғой, дейді. Абзалға келіп, «мынау бізді алып келген еңбегің» деп ақша ұсынады.

—Ой, әкей, мұныңыз не, біз сіздер үшін келгеніміз жоқ қой. Мен ақша алмаймын. Маған ақ батаңызды берсеңіз болды. Сіздерге қызмет ету біздің балалық борышымыз ғой. Маған сіздің берген батаңыздан қымбат еш нәрсе жоқ, деп ақшаны қанша тықпаласа да алмайды. Қария қайта-қайта, «ал, шырағым» деп қоймаған соң, Абзал, «әкей сіз маған батаңызды қимай тұрсыз ба, онда мен шешейдің батасын алайын, деп Асылбектің бәйбішесіне барып, «шешей, батаңызды беріңіз» деп қолын жаяды. Сол кезде қариялар қабаттасып баталарын береді. — Шырағым, бақытты бол, әрқашан жолың болсын.

Осы жолында мол олжаға жолық, дейді. Күнде жүріп жүрген бұл жолда қандай олжа жатушы еді. «Олжаның үлкені атаның ақ батасы ғой» деп ойлады Абзал...

Екеуі жолдағы «Астау бұлаққа» келіп тоқтап, су ішіп, сәл тыныстады. Орындарынан тұра бергенде құйын Абзалдың бас киімін ұшырып әкетті. Ол барып бір Үшқаттың басына ілініп қалады. Абзал жүгіріп барып бас киімін алып бұрыла бергенде аяғы бір қатқылдау нәрсеге тиеді. Абзал аяғының басымен түртіп қалып еді, шіріген әмиян көрінді. Ол оған мән бермей, біреудің лақтырып тастаған әмияны ғой, тозған соң, деп кетіп қалады. Бұлақтан едәуір жер ұзағаннан кейін ақсақалдың «осы жолы мол олжаға жолық» деген батасы есіне түсіп, кілт тоқтады. Оның бас киімін желдің алып кетуі, оның Үшқаттың басына ілініп қалуы, аяғының астынан шіріп кеткен әмиянның шығуы, оны ойға қалдырды. «Жоқ, неде болса қайтып барайын, сол әмиянды қарайын» деп Үшқатқа қайтып келді. О, ғажап, әмиянды алып қараса іші толған ақша бетінен

бір-екеуі, астынан бір-екеуі сарғайыпты, бірақ кәдеге жарайтындай. Сол жерде машинаға отырып санаса 350 мың теңге. «Жатқанына көп болмағаны анық, әмиян әбден шіріп кеткен. Бұл қайдан қалды екен. Өткен жылы осы бұлақтың басында экспедиция отырып еді. Бұл солардан қалған болды ғой. Біреуі жоғалтқан шығар» деп ойлады. Ол машинадан түсіп, «мен ақша тауып алдым» деп үш рет айқайлап, ауылына жүріп кетті. Арада оншақты күн өтті. Сұрағанмен екеуі қалаға жүретін болды. Сұраған Абзалдан қарызға ақша сұрады. — Ей, өзіңнің ақшаң қайда? — деді Абзал. — Екеуіміз қаладан қайтарда әлгі кісілерді жолай әкеліп салдық қой. Сол жолы үйге келген соң қалтамды қарасам ақшаларым жоқ. 50 мың теңге үшті-күйлі жоғалды. Қайтып барып бұлақтың басын да қарадым, таба алмадым. Анау шал мені қарғады-ау деймін, деді. Абзал оған шамалы ақша қарызға беріп, екеуі қалаға жүріп кетті. «Сен жүре бер, мен мынау Көктөбеге сәл аялдаймын» деп Абзал ауылға бұрылып Асылбек қарияның үйіне келді. Жайғасып отырғаннан кейін Абзал, «Атай, сіздің ауызыңыз дуалы екен, әнеуекүні ауылға бара жатып, мол олжа таптым, деді. — Е, шырағым, құтты болсын, игілігіңе жұмса, деді қария. — Мынау сол олжамнан сізге, деп 50 мың теңге ұсынды. — Ой, шырағым, мұның не, керегі жоқ, алмаймын, деп ақшаны алмады. — Бұл сіздің ақ батаңыздың арқасында келген олжа ғой, алыңыз, деп алдына тастады. — Жоқ, шырағым, бұл Алланың сенің кеңпейіліңе берген ақшасы. Алланың арқасы. Сен мұны жетім балалар үйіне немесе қарттар үйіне бер. «Сен бердің, мен алдым», сөйтіп сен қайырлы іс жаса — деді. — Атай, мұнсыз да ол жаққа беретінім бар, деді. — Ендеше соған қосып бер, деп қария ақшаны алмады. Абзал қалаға келісімен қарияның айтқанын істеп, жетімдер үйі мен қарттар үйіне ақша аударды.

«Кең болсаң, кем болмайсың», «Қайырымыңның есесін Алла қайтарады», «Батамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді» деген осы.

Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ.

Заң және біз

Медиацця институты қазаққа жат емес. Жалпы медиаццияны көп жағдайда Алаш жұртында орын алған ежелгі билер сотымен салыстырып жатады. Оған себеп – медиацция бітімгершілік пен ымыраластыққа бағытталған. Заңның жалпы сипаты мен тұжырымдамасы баяғы қазақтың ықылым заманнан қолданып келе жатқан билер сотының үлгісі іспеттес.

Тарихтан белгілі, қазақ халқы «Медиацция туралы» Заңмен белгіленген қағидаттар мен ережелерді ерте заманнан қолданып келген. Бір кездегі қазақтың билер сотының қазіргі сот жүйесінен ерекшелігі — ондай билерді ешкім сайламаған да, тағайындамаған. Бұқара халық өзі мойындап, әділдікті ту еткендердің алдына жығылып отырған. Екіншіден, қазақ билері әділ төрелік жасағанда, ең алдымен кеткен шығынды қалпына келтіру мәселесін қаперде ұстанатын. Бұл да — бүгінгі біздің қоғамның сұранып тұрған өзекті мәселесі, медиаццияның негізі де осы.

Бітімгершілікті кәсіпқой медиатор неме-

Даудың биік шыңы – бітім

се қоғамдық медиатор жасай алады. Заңда атап көрсетілгеніндей, медиаторлықты таңдаған адам кәсіби және кәсіби емес негізде жүзеге асыра алады. Жоғары білімі бар, жасы 25-ке толған, ҚР Медиаторлар одағында арнайы оқу курсынан өткен тұлға медиатор бола алады. Ал, кәсіби емес медиаторлықпен 40 жасқа толған, халық арасында беделді, адамгершілігі жоғары, ары кіршіксіз адамдардың айналысуына толық мүмкіндік бар. Олар тұрғындар жиынының ресми хаттамасы арқылы жергілікті атқару органдарына тіркелуі тиіс. Бірақ, заң саласының маманы болуы міндетті емес. Медиаторлар өз қызметтерін тек қана жеке құқықтық қатынастар бойынша жүргізеді.

Судьядан айырмашылығы - медиатор тараптармен болатын келіссөздерге кез келген уақытта, кез келген жерде қатыса алады. Ал, судьяға араласпаушылық принципі бойынша мұндай келіссөздерге қатысуға заң бойынша рұқсат етілмейді. Тараптар келісімге

келгеннен кейін іс сотта бейбіт келісім ретінде мақұлданады. Жеңіл және орташа ауыр қылмыстық істер бойынша жәбірленушіге мүдделі жақ келтірген залалдың орнын толтыру туралы екіжақты келісімге келетін болса, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 67-бабы бойынша іс тоқтатылады. Сонымен бірге, медиатордың қызметі кәсіпкерлік болып саналмайды. Яғни, басқа да қызмет түрлерімен айналыса алады. Оларға еңбекақы жұмыс ауқымына қарай тараптармен келісу арқылы төленеді.

Медиацция тараптары өзара келісім бойынша басқа медиаторды таңдауға құқылы. Азаматтық немесе қылмыстық сот ісін жүргізу барысында медиаццияны жүргізу кезінде тараптар бұл туралы сотқа не қылмыстық қудалау органына хабарлауға міндетті.

Медиацция қағидаттарына сәйкес, медиатордың өз функцияларын жүзеге асыруына кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайда, медиатор дереу өздігінен бас

тартуды мәлімдеуге міндетті. Егер медиатордың пікірі бойынша медиаццияны жүргізу процесіндегі одан арғы күш-жігер тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) шеше алмайтын болса, медиатор оны жүргізуден бас тартуға не тараптардың жазбаша нысанда бекітілген келісімімен медиаццияны тоқтатуға құқылы.

Медиацция — бұл жаңа бірлесіп әзірленген ереже бойынша өмір сүрудің бастамасы. Сондықтан, бүгінгі таңда медиацция отбасылық салада, әсіресе, ажырасу, сондай-ақ, мұраны бөлу кезінде, көршілер арасындағы келіспеушілікті шешуде, экономикалық және еңбек талас-тартыстары кезінде, қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен байланысты дауларды шешуде, кінәлі мен зардап шегушінің арасындағы бітімгерлік келісімдер кезінде пайдалану тиімді болмақ.

Ақмаржан КАЛЕКЕНОВА,
Ұлытау аудандық сотының бас маманы.

Білгеніңіз жөн

Интернет-алаяқтарына алданып қалмаңыз

Жезказган
станциясын-
дағы желілік
полиция бөлімі
ескертеді:
теміржол көлі-
гіндегі интер-
нет-алаяқтық
қазіргі жола-
ушының өміріне
берік енді.



Электрондық билеттер, мобильді қосымшалар, он-лайн-кестесі — мұның бәрі темір жолмен жүруді ыңғайлы етті. Алайда онлайн-сервистер дамыған сайын теміржол көлігіне байланысты интернет-алаяқтары да көбейе түсті. Жәбірленушілер тек ақшасынан ғана емес, сонымен қатар сапарынан да айырылу қаупіне ұшырап жатыр.

Алаяқтардың әдеттегі айла-тәсілдері:
Жалған сайттар мен қосымшалар.
SMS және email-хабарламалар.
Жалған делдалдар.
Фишинг-қоңыраулар.
Жолаушы өзін қалай қорғауы керек?
Билеттерді тек ресми теміржол сайттары мен қосымшалары арқылы сатып алыңыз.
Күдікті хабарламалардағы сілтемелерге өтпеңіз.

Біреуге ешқашан банк картасының деректерін және SMS-тегі кодтарды айтпаңыз.

Антивирус орнатып, телефон мен компьютердегі бағдарламалық жасақтаманы үнемі жаңартып отырыңыз.

Теміржол компаниялары еске салады: жолаушылардың қауіпсіздігі — бұл тек жайлылық пен тасымалдаудың сенімділігі ғана емес, сонымен бірге киберқауіптерден қорғау. Интернетте абай болыңыз! Ақпаратты тексеріңіз, күмәнді ұсыныстарға сенбеңіз, сонда сіздің сапарыңыз тыныш әрі қауіпсіз болады.

Данияр ЖАНДАРБЕК,
Қоскөл ст. ЖПБ бастығы,
полиция майоры.

Қоғам. Адам. Заң

Ұят әдет – темекі шегу және насыбай пайдалану денсаулық пен ұлтқа қауіп төндіреді

Қоғамымыздың дамуына, ұлттың болашағына тікелей әсер ететін бір маңызды мәселе бар. Ол – жастардың зиянды әдеттерге бой алдыруы. Солардың ішінде ең кең тарағаны – темекі шегу мен насыбай пайдалану. Бұл әдеттер алғашында жай ғана қызығушылықпен басталып, кейіннен адамның өміріне, денсаулығына, тіпті отбасы мен қоршаған ортасына зиянын тигізетін ауыр дертке айналады.

Темекі – денсаулықтың жауы. Темекі шегу – әлем бойынша миллиондаған адамның өмірін қиған індет. Оның құрамында төрт мыңнан астам химиялық зат бар, соның ішінде 40-қа жуығы тікелей қатерлі ісік тудыратын уытты заттар. Никотин – жүйке жүйесін бұзатын, адамды тәуелді ететін қауіпті у. Адам ағзасына түскен сайын темекі өкпені, жүректі, бауырды, ауыз қуысын улайды. Ең қорқыныштысы темекі шегу тек шегушінің емес, оның қасында жүргендердің де денсаулығына зиян. Пассивті шегу (яғни, басқа адамның темекі түтінін иіскеуі) да ауруға шалдықтырады.

Қазақстанда темекіге тәуелді адамдардың саны аз емес. Көптеген жасөспірімдер ересектерге еліктеп, шылым шегуді «ер жетудің белгісі» деп түсінеді. Бірақ бұл – үлкен қателік. Шын мәнінде, бұл – әлсіздіктің, білімсіздіктің, жауапсыздықтың белгісі. Нағыз ерлік зиянды әдеттен аулақ болу, салауатты өмір салтын ұстану.

Насыбай – жасырын «у» десекте артық емес. Соңғы жылдары жастар арасында насыбайға әуестік артып келеді. Бұл да өте қауіпті тенденция. Насыбай – темекіден де жаман, ол адамның ауыз қуысын, асқазанын, өңешін күйретеді. Бір қарағанда жасыл түсті ұнтақ болып көрінетін бұл зат – шын мәнінде, улы химиялық заттардан құралған. Насыбайдың құрамында өк, темекі шаңы, түрлі қоспалар болады. Оны ауызға салып, сілекеймен араластырғанда никотин қанға тез сіңіп, күшті тәуелділік туғызады. Уақыт өте келе адам онсыз өмір сүре алмайтын жағдайға жетеді.

Ең сорақысы насыбай көбіне заңсыз сатылады. Оны мектеп жасындағы балалар да оңай сатып алаады. Бұл – ұлттың болашағына жасалып отырған үлкен қауіп.

Ұлт болашағы салауатты ұрпақта. Егер біз ұлттық қауіпсіздік,

ел болашағы туралы сөз қозғайтын болсақ, ең алдымен жастардың денсаулығы мен өмір салтына назар аударуымыз керек. Темекі мен насыбай тек медициналық проблема емес, бұл әлеуметтік, рухани, ұлттық мәселе. Ата-бабамыз «Тәні саудың – жаны сау» деп бекер айтпаған. Рухани бай, дені сау, саналы ұрпақ қана ұлтты алға сүйейді.

Мектептер мен жоғары оқу орындарында зиянды әдеттерге қарсы жүйелі түрде түсіндіру жұмыстары жүргізілуі керек. Жастардың бос уақытын тиімді өткізуі, спортпен шұғылдануы, шығармашылықпен айналысуы – олардың теріс жолға түспеуінің кепілі. Әрбір ата-ана баласының кіммен араласатынын, неге қызығатынын қадағалап отырғаны абзал. Сонымен қатар, қоғам да бұл мәселеге бей-жай қарамауы керек. Темекі мен насыбай сататын орындарға бақылау күшейтілуі тиіс, заң аясында тиісті шаралар қабылдануы қажет.

Темекі мен насыбай – адамның өзіне де, өзгеге де кесірін тигізетін, біртіндеп өмірін улайтын әдет. Сондықтан бұл әрекеттен ерте бастан бас тарту әрбір азаматтың өзқолында. Салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен айналысып, таза ой мен ұлтқа деген шынайы махаббатты жүрекке ұялату нағыз ұрпақ тәрбиесінің негізі.

Еліміздің ертеңі – бүгінгі жастар. Жастардың бойындағы жалын – ұлттың болашағы. Сол жалынды темекі мен насыбайдың түтініне тұншықтырмай, жарқын болашаққа бағыттау әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

Ұлытау ауданының прокуратурасы

ТЖ бөлімі ескертеді!

От жағу мезгілі жауапкершілікті талап ететін күрделі кезең, оған түбегейлі дайындалып алу қажет.

Тілсіз жау қателікті кешірмейді

Осы уақытқа дейін болған өрттердің талдауына жүгінетін болсақ, барлық өрттер мен жану жағдайларының жартысынан көбі жылыту құрылғыларын және от жағатын пештерді дұрыс қолданбаудың салдарынан.

Өрт – деген тілсіз жау, оның салдарынан адамдар баспанасынан, мүліктерінен айырылып қалулары мүмкін.

Пештен шығатын өрттердің себебі пешті салу кезінде жіберілген өрт қауіпсіздік ережелерінің бұзушылықтары.

Үлкен адамдардың қарауыңсыз қалған балалардың отпен және басқа да жылу көздерімен ойнауы тұрмыстық өрттердің шығуының себептерінің бірі. Бұндай жағдайда шығатын өрттердің балалардың өздеріне үлкен қауіп төндіретінін ескертеміз!

Электр тоғынан шығатын өрттердің негізгі себебі, қысқаша тұйықталуы мен электр жүйесіне шамадан тыс жүктеме беру болып саналады. Бұндай жағдай туындамас үшін электр желілері жарамды күйде болуы керек, ал қысқаша тұйықталу мен электр жүйесіне шамадан тыс жүктеме беруден (бір уақытта бірнеше электр құралдарын қосқанда) шығатын өрттердің алдын алу үшін электр тоғын тарату қалқанында міндетті түрде зауытта жасалған сақтандырғыштар болуы тиіс.

Егер электр жүйесіне сақтандырғыштың орнына қалың сым пайдаланылса, ол қысқаша тұйықталу кезінде ол балқып үзілмей қалуы мүмкін, яғни қорғаныс істемей, электр жүйесінде тоқ қалады.

Бұл жағдайда сымдар балқығанша қызады, оқшаулау қабаты тұтанады, сосын одан шыққан жалын үй ішіндегі жаңғыш заттар арқылы таралып өрт шығады.

Міне сондықтан әрқашан зауытта жасалған сақтандырғыштарды қолданған жөн.

Қысқаша тұйықталу электр желілерінде де болуы мүмкін, сол себептен электр сымдары жарамды күйде болуы керек.

Өрт электр шамынан да шығуы мүмкін, себебі лампа ішіндегі вольфрам сымы қызған кезде көп жылу бөледі. Бұндай жағдай туындамау үшін лампалар жаңғыш материалдармен жанаспауы тиіс.

Өрт тұрмыстық электр құрылғыларынан да жиі шығады, олар зауытта жасалған және жарамды күйде болса да. Егер электр жүйесіне бір мезгілде бірнеше осындай құралдарды қосқан кезде, бұл тоқ сымдарының шамадан тыс жүктелуін және қызуына әкеліп соғады, яғни өрттің шығуына әкеледі. Дұрыс пайдаланбаған жағдайда өрт бір электр жылыту құралынан да (үтік, шөйнек, жылытқыш және т.б.) шығуы мүмкін.

Сондықтан тоқ көзіне қосылған құралдарды қарусыз қалдыруға немесе жас балалардың қарауына қалдыруға тиым салынады. Электр құралын жаңғыш заттардың үстіне қоюға, сонымен қатар оларды перде, ағаш аралық қабырғалар және басқа да тез тұтанғыш заттардың жаңында қосуға болмайды.

ЕСКЕРТУ: Төтенше жағдай орын алған кезде жедел түрде 101 немесе 112 телефонына хабарласыңыз!

Ұлытау ауданы ТЖ бөлімі.



Мәдениет

Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толуына орай, ұлт ұясы – Ұлытауда «Азамат елдің ар-намысы – Ата Заң» атты салтанатты жиын өтті.

Қайрат ЖҰМАБАЙ

Аудандық мәдениет үйінде өткен жиында ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы армандап өткен егемендік мәртебесі асқақтап, Отанымыздың құқықтық, дербес, демократиялық мемлекет ретінде әлемге танытып отырған Ата Заңымыздың қадір-қасиеті кеңінен баяндалды. Алдымен, Мемлекеттік Ту, Елтаңба салтанатты түрде әкелініп, айбынды Әнұранымыз шырқалды.

Бұдан кейін мерекеге жиналған жұртшылықты аудан әкімі Аманжол Мырзабеков құттықтады.

– Бүгін 30 жылдық ғұмыры бар – Қазақстан Республикасының Конституция күні. Біздің Ата Заңымыз – Тәуелсіз еліміздің басты құжаты, мемлекетіміздің жүрегі. Баршаңызды Тәуелсіз еліміздің Ата Заңы күнімен құттықтаймын.

Бүгінгі Конституциямыз Тәуелсіз Қазақтанымыздың алтын тірегі болып отыр. Соның арқасында біз бірлігі бекем халыққа айналып отырмыз. Ата Заңды құрметтеу және сақтау арқылы және оның тарихы мен маңызын білуімізбен ғана біз өз елімізді, Отанымызды, тарихымызды, құндылықтарымызды құрметтейміз және еліміздің дамуына, бейбітшілік пен тыныштыққа қол жеткізе аламыз. Сондықтан, Ата Заңымызды ардақтау – әрбір Қазақстан азаматының міндеті мен асыл парызы, – деді аудан басшысы.

Айтулы күн аясында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген бірқатар азаматтар түрлі марапатқа ие болды. Ұлытау облысының Құрмет грамотасымен – аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық жұмыстары жөніндегі бөлім басшысы Қанатбек Бапов, аудандық тарихи-өлкетану музейінің басшысы Рахат Шымбергенов марапатталды. Облыс әкімінің Алғыс хатына аудандық полиция бөлімі бастығының тергеу саласындағы орынбасары Иса Досанов, ау-

Конституция күні аталып өтті



дан әкімінің көмекшісі Жомарт Асанәлі, Жезді кенті әкімі аппаратының бас маманы Қайрат Әлсейіт иеленді. Сонымен қатар, Ұлытау ауданының Құрмет грамотасымен – аудандық білім бөлімінің кадр ісі жөніндегі әдіскері Ерлан Малдыбаев, Аманкелді ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Камал Қабиева, аудандық көп салалы коммуналдық шаруашылық кәсіпорынның инженері Ерболат Смағұлов марапатталды. Аудан әкімінің Алғыс хатына – аудан прокуратурасының аға прокуроры Нұрдәулет Күнділдә, Қарсақбай кенті әкім аппаратының бас маманы Медет Жабағинов, аудандық полиция бөлімінің кеңсе тобы жетекшісі Қарлыға Төлеш ие болды.

Марапаттау рәсімі одан кейінде жалғасып, бір топ полиция қызметкерлері құрмет биігінен көрінді. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің II дәрежелі «Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін» медалімен полиция аға лейтенанты Айдос Сартаев марапатталды. Сол сияқты III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальді полиция

майоры Темірлан Үмбет пен полиция капитаны Нұрбол Ақбергеновте алды. Сонымен бірге, Ішкі істер органдарының 2025 жылға арналған «Заң мен тәртіп» қағидатын ақпараттық тұрғыда жариялау бойынша медиа-жоспарды орындау жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларына белсенді қатысқаны және ішкі істер органдарының оң имиджін нығайтуға қосқан үлесі үшін Тоғжан Досановаға облыстық Полиция Департаментінің бастығы Қайыркен Жетпісбайұлының Алғыс хаты берілді.

Осы жиында мемлекеттік қызмет қатарына жаңа келген мамандар Мадияр Бейсалы, Ақберен Әбдірасилова салтанатты түрде ант қабылдап, қызметте адалдықты ту етерін жеткізді. Сонымен... Конституция күніне арналған шарада ұлытаулықтардың еңбегі еленіп, лайықты құрмет көрсетілді. Мерекелік салтанат соңы сазды бағдарламамен түйінделді.



Алғашқы қоңырау сыңғыры

(Соңы. Басы 1-бетте).

Аталған білім ошағында да мұғалімдер мен оқушылар Білім күнін қарсы алды. Әуелі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтеріліп, Әнұраны ойналды. Ту көтеру құрметіне 11-сынып оқушылары Жандос Ахметжан, Аида Еркеғұлова, Толғанай Бауыржанқызы ие болды. «Мектебім-мейірім мекені» атты салтанатты жиынды жұртпен бірге тамашалаған аудан әкімінің орынбасары Аян Әбжамалов педагогтар мен оқушыларды оқу жылының басталуымен құттықтады.

– Аудан мектептерінде білім алушылардың жалпы саны-1818 оқушыны құрап отыр. Бүгінгі салтанатта барлық оқушыларға сәттілік пен табыс тілеймін. Ұстаздар мен ата-аналарға ерек-

ше алғыс айтамыз! – деді құттықтау сөзінде аудан әкімінің орынбасары.

Мектеп оқушылар атынан 11-сынып оқушысы Тоғжан Мейрамбек сөз сөйлеп, ұстаздары мен оқушыларды Білім күнімен құттықтап, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі. Келесі кезек «біріншісыныптықтарға» беріліп, балғындар жаттаған тапқартарын жатқа айтып берді. Бұдан кейін 11-сынып оқушылары Серікболсын Рахымжан мен Дильназ Гаухар, 1-сынып оқушылары Ерсұлтан Өмірбек пен Медина Марат алғашқы қоңырауды соқты.

Мерекелік жиын соңы сыныптарда Білім күніне арналған «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбындағы ашық сабақтармен жалғасты. Оған ата-аналар қатысты.



Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙІТОВ



«Ұлытау аудандық
«Ұлытау» газеті редакциясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редактордың міндетін атқарушы
Қайрат ЖҰМАБАЙ

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: инд: 200006
Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы,
Ұлытау селосы,
Абай көшесі, 22-үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта: ulytau-oniri@mail.ru

Газетте жарияланған мақала
авторларының пікірі редакцияның
көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газетке Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат
комитетінің Мәжіліс баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды
есепке қою туралы 04.02.2022 жылы №КЗ80ВР/00045634 куәлігі берілген.

Газет «Ұлытау» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Сәтбаев көшесі, 15 үй.

Хабарландыру мен құттықтаулардың
мазмұнына редакция жауап бермейді.
Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы - 1000 дана
Көлемі - 4 баспатабақ
Тапсырыс - 34